



ЖАНГАРА ДӘДЕБАЕВ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ӘЛІПБАЙ ҚАЗАҚСТАН
ӘЛІПБАЙ

Қорнекі әдебиетшілердің аяқ
фамилияларының докторы, профессор **ЖАНГАРА ДӘДЕБАЕВТЫҢ**
70 жылдығына арналған «**XXI ҒАСЫРДАҒЫ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**»
ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ТАНЫМ» атты
Халықаралық ғылыми-әдебиеттік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 23 маусым 2018 ж. ж.

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-методической конференции
**«ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ XXI ВЕКА:
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ПОЗНАНИЕ»**,
посвященной 70-летию выдающегося
литературоведа, доктора филологических наук, профессора
ЖАНГАРА ДӘДЕБАЕВА
Алматы, 23 маусым 2018 ж. ж.

MATERIALS
of the International Scientific and Methodical Conference
**«PHILOLOGICAL SCIENCES OF THE XXI CENTURY:
NATIONAL CODE AND ARTISTIC COGNITION»**
dedicated to the 70th anniversary of the outstanding literary critic,
doctor of philological sciences, professor
ZHANGARA DADEBAYEV
Almaty, 23 May 2018

Әнепияева А.М., Нұржанова А.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	193
Bayekeeva A.T., Tazhibayeva S.Zh. TERM BUILDING IN ENGLISH LANGUAGE: EXAMPLES OF MINING TERMINOLOGY	197
Байгулина Э.А. КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ШЕТТІЛДІК БІЛІКТІЛІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ	201
Болгар К.А., Шербовских И.Г., Сералиева Н.Ж. СРЕДСТВА СОЗДАНИЯ КОМИЧЕСКОГО ЭФФЕКТА И ИРОНИИ В ПОСТМОДЕРНИСТСКОМ ТЕКСТЕ	205
Доскеева Ш.А. ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗАМАН ЖӘНЕ АДАМ ҚАТЫНАСЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУІ: ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ	215
Есеналиева Ж.Ж., Акқожина Б.Қ. КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРА	228
Есеналиева Ж.Ж., Қожабекова Ш.Б. ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БІР-БІРІНЕ ӘСЕРІ	233
Жаксылықбаева Р.С. ҒЫЛЫМНАМАЛЫҚ ЕҢБЕКТІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ	238
Жутаева А.К., Әбдиманұлы. Ө. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ БЕЛГІЛЕРІ	242
Қалқабасева С.Ә. ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИКА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ	250
Қырғызбаева А.Д., Шегебаев А.М. ҮМБЕТӘЛІ КӨРІБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ	254
Лю Ц., Байелі Ә.Ж., Сапарбаева Н.Б., Абаганова А. КУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ И ПРИЕМЫ ПЕРЕВОДА КИТАЙСКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК	261
Мустафаева Ж.Д. ВОСПРОИЗВЕДЕНИЕ ИДИОСТИЛИЯ И АНАЛИЗ ПЕРЕДАЧИ СЛЕНГА В ПЕРЕВОДЕ РОМАНА КЕНА КИЗИ "НАД ГНЕЗДОМ КУКУШКИ" В. ГОЛЫШЕВЫМ	266
Өмірбекова Р.Қ., Рамазанова Ш.Ә. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ АЙРЫҚША БЕЛГІЛЕРІ	271
Письменюк А.Б. КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ВЗАИМОТНОШЕНИЙ АВТОРА И ЧИТАТЕЛЯ НА УРОВНЕ ПОЛИФОНИИ ТЕКСТА	277
Рысбергелі Қ.Қ., Тлегенова Г.Б. КОСМОНИМДІК АТАУЛАРДЫҢ МИФТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ	284
Seralieva N.Zh., Chsherbovskikh I.G., Bolgar Ch.A. SPECIFIC USE OF INFORMATION COMPUTER TECHNOLOGIES IN TEACHING PHILOLOGICAL DISCIPLINES	289
Серікбаева А. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН ЖАҢА СӨЗДЕР	293
Совет Е., Қожағұлов С.Қ. С. БАҚБЕРГЕНОВТИҢ ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ «ҚАН ТОЗАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР МЕН ТЕРГЕУШІ БЕЙНЕСІ	297
Сүйіндік Ж.А., Серикова С.К. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАҢДАРЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ ТАБИҒАТЫ (ЫРЫСБЕК ДӘБЕЙДІҢ «ЖЫЛҚЫ АТЫЛҒАН ЖАЗ» РОМАНЫ БОЙЫНША)	303
Тажибасева С.Ж. ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫ ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ БАЗА	306
Шохаева Қ.Н. ІСКЕРІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУ СТИЛІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР	312

Қалқабәва С.Ә.,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
salima25111961@gmail.com

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИКА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Түйін: Бұл мақалада фольклорист-ғалым А.Ш. Пангереевтің фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топонимастика мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеулері сөз етіледі. Әдебиет пен топонимиканың байланысын алаша зерттеген ғалым деп тани келе, фольклорлық топонимиканың дербес жанр ретіндегі қалыптасу, даму ерекшеліктері мен оның жанрлық түрлері жайындағы зерттелуіне талдау жасалады.

Түйін сөздер: Топонимикалық фольклор, мифтік фольклор, сұрыптық фольклор, мифопоэтика, тарихи аңыз, топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік өңгіме.

Резюме: В данной статье рассматриваются научно-исследовательские работы учёного-фольклориста А.Ш. Пангереева, посвященные на темы фольклора, мифологии, истории литературы и топонимистики. Признавая учёного исследователем, который первый изучил связь литературы и топонимики, анализируются его исследования в формировании фольклорной как самостоятельный жанр, особенности его развития и жанровые виды.

Ключевые слова: Топонимический фольклор, мифический фольклор, ритуальный фольклор, мифопоэтика, историческая легенда, топонимическая легенда, топонимическая легенда, топонимическая история, топонимическая повесть, топонимический рассказ.

Summary: This article discusses the research work of folklorist scholar A. Sh. Pangereev, devoted to the themes of folklore, mythology, literary history and toponomastiks. Recognizing the scientist as a researcher, who first studied the relationship of literature and toponymy, his researches in the formation of folklore toponymy as an independent genre, especially its development and genre types are analyzed.

Keywords: Toponymic folklore, mythological folklore, ritual folklore, mythopoetics, historical legend, toponyms legend, toponymic legend, toponymic history, toponymic story, toponymic narrative.

Адамзат өнері мен көркем ойлауының байырғы әдеби үлгілері болып табылатын фольклорлық туындылардың синкреттілігі мен көркемдік дәстүрдің негізі болуы ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттеушілер назарын аударып келе жатқаны аян. Бүгінгі таңда ғылымның көптеген салаларымен тығыз байланыстылығын айқындап, халықтың ілкі заманнан бергі дүниетанымы мен наным-сенімін, өдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сақтап асыл дүниемізге айналған фольклордың алуан түрлі қырларын зерттеп құнды еңбектер жазған фольклорист-ғалымдарымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА академигі Пангереев Абат Шамұлы.

Фольклортанушы А.Ш. Пангереевтің ғылыми-зерттеулері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топонимастика мәселелеріне арналады. «Үстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың маркасқа мамандарының кеңес беруімен іргелі зерттеулерді қолға алған А.Ш. Пангереев 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметовтың жетекшілік етуімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, ғылыми дәреже алды. Одан кейін де топонимиканың көркем әдебиеттегі қызметін зерттей келе, 2010 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» атты докторлық диссертация қорғады. Әдебиет пен топонимиканың байланыс-бірлігін деректі дәлелдермен ғылыми негізде тұжырымдап бергендігін ғалымның көптеген зерттеулерінен көре аламыз. Атап айтсақ, «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдары, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференция материалдарында, шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген көптеген ғылыми мақалалары да ғалымның тынымсыз ізденістерінің көрсеткіші. Жоғарыда аталған еңбектерінде, көрнекті әдебиетші-ғалым Құлбек Ергөбек айтқандай, «...табанды ғалым фольклор мен